

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Басқарма отырысының
№ 8 ХАТТАМАСЫ**

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕ АҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ-сы, Әйтеке би көшесі, 29А үй.

Отырыстың өткізілген жері: Қызылорда қ-сы, Әйтеке би көшесі, 29А үй, мәжіліс залы.

Отырыстың өткізілген күні мен уақыты: 07 қазан 2021 жыл, 10 сағат 00 минут.

Қатысқандар:

1. Каримова Бейбиткуль Сарсемхановна, Басқарма Төрағасы-ректор
2. Жунисов Абайбек Талгатович, Басқарма мүшесі-академиялық жұмыстар жөніндегі проректор міндетін атқарушы;
3. Уразбаев Нурлан Жеткергенович, Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор;
4. Базартай Жандос Нұртайұлы, Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор;

Шақырылғандар:

1. Ильясова Самал Мырзамуратовна – құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар бөлімінің бастығы;
2. Рабатова Нуржамал Кулахметовна – бас есепші;
3. Есимсейтова Ляззат Прмашевна – HR қызметінің басшысы;
4. Институт директорлары және кафедра меңгерушілері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2021 жылғы қазан айындағы мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды қарау және бекіту.

(Баяндамашы: Ильясова С.М. Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар бөлімінің бастығы)

2. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ тарифтік тізімін және штаттық кестесін қайта қарау туралы.

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).

3. Арнайы кеңес беретін психологиялық орталық ашу туралы.

(Баяндамашы: Ж.Н.Базартай - Басқарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор).

4. Медиа орталықтың «маман» штатының біліктілік талаптарына өзгеріс енгізу туралы.

(Баяндамашы: Ж.Н.Базартай - Басқарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор).

5. Тәрбие жұмыстары және жастар саясаты бөлімінің «әдіскер» штатының біліктілік талаптарына өзгеріс енгізу туралы.

(Баяндамашы: Ж.Н.Базартай - Басқарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор).

6. 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспары бойынша 2021ж жарты жылдығына өзгерістер енгізу және 2022 ж жоспарына түзету енгізу туралы.

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).

7. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ төмендегі мекенжайлар бойынша жер учаскесін пайдалану туралы:

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).

№	Қызылорда қаласының жер учаскесінің мекен жайы	Ауданы (шаршы метр)	Мақсаты	Жер комиссиясының хаттамалық шешімі	Кадастрлық нөмірі
1	Әйтеке би көшесі № 29Н	688	Спорт залының құрлысын салуға арналған	№1402 02.09.2021ж.	10-156-009-1596
2	Әйтеке би көшесі № 29М	600,0	Асхана салуға арналған	№1405 02.09.2020ж.	10-156-009-2464